

## **Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ жатақханаларына орналастыру бойынша ақпарат**

**1.** Студенттерге жатақханаларда орын беру 2022 жылғы 30 желтоқсан № 219 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

**2.** Студенттердің жатақханаларда орын беру туралы өтініштерін қарау талаптары мен объективтілігін сақтау мақсатында «Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығымен жатақханаларда орын бөлу жөніндегі арнайы Конкурстық Комиссия құрылды.

Конкурстық комиссияның құрамына:

1) ЖЖОКБҰ басшы құрамының өкілі – білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін ЖЖОКБҰ басшысының орынбасары;

2) қоғамдық ұйымдардың өкілдері-ерікті негізде құрылған кәсіптік одақтар және азаматтардың басқа да бірлестіктері;

3) студенттік өзін-өзі басқару органдарының өкілдері;

4) деканаттардың өкілдері-білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін декандар немесе декан орынбасарлары;

5) жастар саясаты мәселелеріне жетекшілік ететін ЖЖОКБҰ құрылымдық бөлімшесінің өкілдері.

**3.** Жатақханадан орын ұсыну үшін университет сайтының «Жылдам сілтемелер – студентке – жатақхана» бөлімінде әлеуметтік жеңілдіктерді растайтын құжаттарды (тізбеге сәйкес) тіркей отырып, арнайы сілтеме бойынша <http://www.kstu.kz/obshhezhitie/> онлайн-өтінім беру қажет.

**4.** Конкурстық комиссия жатақханадағы орындарды бөлуді негіздер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай басым тәртіппен жүзеге асырады:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, қандастар, сондай-ақ мемлекеттік ЖЖОКБҰ немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі ЖЖОКБҰ-да немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған ЖЖОКБҰ-да оқудың бірінші жылында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін – 2050") жобасы шеңберіндегі білім алушылар;

4) "Алтын белгі" иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат, диплом) талапкерлер;

5. бірінші курсқа оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, пәндер бойынша түсу емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар.

Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеудің, білім беру ұйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандарының қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтар № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі;

1) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс студенттері қатарындағы білім алушылар;

2) ЖЖОКБҰ өзге де білім алушылары.

Білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

6. Комиссияның шешімі жатақханаға орналастыру үшін жолдама беру немесе орын беруден бас тарту болып табылады. Жатақханаға орналасу үшін жолдама автоматты түрде қалыптастырылады және білім алушының электрондық поштасына жіберіледі.

7. Жатақханаға орналастыру аяқталғаннан кейін әрбір студенттің жеке ісі (факультет әкімшісі мен деканының деректер базасында) қалыптастырылады, онда кейіннен жатақханаларда тұру қағидаларының барлық бұзушылықтары тіркеледі. Олардың нәтижелері бойынша білім алушы жатақханадан шығарылуы мүмкін және келесі оқу жылында жатақханаға орналасудан бас тартылады.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

2024-2025 оқу жылына жатақханалардан орын беруге өтінімді беру **2024 жылдың 19 тамызынан** бастап мүмкін болады (жатақханалардан орын бөлу жөніндегі Комиссияның қарауына). Жоғары курс білім алушыларына өтінімді **2024 жылдың 5 қыркүйегінен кейін** беру мүмкін болады.

### Студент жатақханадан орын бөлгеннен кейін міндетті

1. Қарағанды қаласына келген соң вокзалдан немесе автовокзалдан университетке №1 автобуспен (вокзал ғимаратының жанындағы аялдама) «Әкімдік» аялдамасына дейін жетуге болады.
2. Жолдамада көрсетілген жатақханаға келіп, заттарды сақтау камерасында қалдыру керек. Жатақхана мекен-жайы - Н.Назарбаев даңғылы, 58/1; Терешкова көшесі, 40.
3. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың денсаулық сақтау пунктінен («Армандастар Ордасы» ТК 1-ші қабаты) педикулез бен қышымаға медициналық тексеруден өту туралы **анықтама** алу;
4. Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінде семестр бойынша тұру құнын төлеу: күзгі - қыркүйек 2024ж. - қаңтар 2024ж. – жатақханаға орналасу кезінде; көктемгі - ақпан – маусым 2024ж. – 1.02.2024 ж. дейін). Төлем туралы түбіртектің көшірмесі жатақхана әкімшісіне және факультет деканына ұсынылады. Түбіртектерде міндетті түрде «жатақханада тұрғаны үшін ТАӘ»;
5. Жатақханада тұрғын үй-жайды жалдау туралы шарттың екі данасын толтыру және оған қол қою (біреуі-әкімші үшін, екіншісі-студент үшін); тиісті жиһаз, төсек – орын керек-жарақтары бар тұрғын үй-жайды қабылдау-беру Актісіне; жатақханада тұратын адамның сауалнамасына қол қою;
6. Жатақхана әкімшісіне келесі **құжаттар тізімін** ұсыну:
  - 3 \* 4 өлшеміндегі фото (3 дана);
  - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (2 дана);;
  - педикулезге, қышымаға анықтама (Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Денсаулық сақтау пункті, 1 қабат, «Армандастар Ордасы» ТК) - орналасу кезінде;
  - құжаттарға арналған файл (2 дана);
  - ЖАТАҚХАНА ҮШІН төлем туралы түбіртек (шартқа сәйкес – семестрлік төлем бойынша: 50% - орналасу кезінде (қыркүйек-қаңтар), 50% - 1.02.2025 ж. (ақпан-маусым));
  - әлеуметтік санатқа жататындығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары (салыстыру үшін) және көшірмелері. Растайтын құжаттар болмаған кезде немесе дәйексіз деректер ұсынылған кезде, қоныстандырудан бас тартылады.
7. 2 апта ішінде уақытша тіркеу рәсімінен өту керек (Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ паспорт үстелі арқылы – «Студенттер үйі» жатақханасы, 1 қабат, 114 каб), ол үшін алдын ала ХҚКО арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет; 18 жасқа толмаған адамдарға уақытша тіркеуге ата-анасынан нотариалды куәландырылған сенімхат қажет;

**8.** Академиялық топтың кураторына тиісті жатақхананың бөлме нөмірін хабарлау.

**Төлем растайтын құжаттар болмаған кезде немесе жалған деректер ұсынылған кезде білім алушыны қоныстандырудан бас тартылады!!!**

**Өтінім беруге арналған Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ сайтына сілтеме <http://www.kstu.kz/obshhezhitie/>**